

Р. А. Сүлейменова, А. А. Юсупова

ГЕОГРАФИЯ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына
арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2023

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3
С90

6-сыныптағы «География» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенге арналған әдістемелік құрал зерде бұзылыстары бар білім алушыларды оқытудың педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда мұғалімге көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Әдістемелік құралды арнайы білім беру мектебінде, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектепте де зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады.

Сүлейменова Р. А., т.б.

С 90 География. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 6-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Р. А. Сүлейменова, А. А. Юсупова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023. – 76 б.

ISBN 978-601-347-542-4

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-542-4

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023

КІРІСПЕ

6-сыныпқа арналған «География» оқу-әдістемелік кешені (оқулық, жұмыс дәптері, атлас, мұғалімге арналған әдістемелік құрал) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген және құрастырылған, сондай-ақ адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі ретіндегі географиялық мәдениетті қалыптастыруға әсер ететін географиялық оқытудың кіріспе курсы болып табылады.

Осы ОӘК мақсаты оның мазмұнын меңгеру арқылы білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, зерде бұзылыстары бар оқушыларда күнделікті іс-әрекетте қолдана алатын қолжетімді географиялық ұғымдар мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады. ОӘК мазмұны арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерін:

- оқытудың түзету-дамыту және әлеуметтік-бейімдеу бағытын;

- әр білім алушы үшін әрекеттік, сараланған және жеке тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

Оқу-әдістемелік кешен «География» оқу пәнінің негізгі міндеттерін шешуге ықпал етеді.

- 1) білім алушыларда табиғи нысандар мен қоршаған әлемнің аумақтық айырмашылықтары туралы қарапайым мәліметтерді қалыптастыру;

- 2) жеке табиғи құбылыстардың; адам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіру;

- 3) табиғатқа қатысты диалектикалық, ғылыми көзқарастар қалыптастыру;

- 4) табиғат пен табиғи құбылыстарды жүйелі бақылау арқылы оқушылардың жеке тәжірибесін байыту;

- 5) білім алушылардың табиғатты қорғау санасын тәрбиелеу;

6) білім алушылардың көрнекілік-бейнелік және сөздік-логикалық ойлау элементтерін дамытуға ықпал ету;

7) сөздік қорын молайту, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту.

Бір-бірінің мазмұндық және функционалдық мүмкіндіктерін толықтыратын, кеңейтетін және бастапқыда оқу құралдарының мазмұнына, әдістемесіне және құрылу қағидаларына бірыңғай көзқарас негізінде құрастырылған ОӘК-нің барлық компоненті қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.

«ГЕОГРАФИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (6-СЫНЫП)

География – зерде бұзылыстары бар білім алушыларда адамдардың ғаламшары – Жер туралы кешенді, жүйелі және әлеуметтік-бағдарланған түсінікті қалыптастыратын, ғылыми танымның ерекше әдісі ретіндегі аумақтық тәсілдемемен таныстыратын дүниетанымдық сипаттағы жаңа оқу пәні.

География, оқу ақпаратының тартымдылығына қарамас-тан, зерделенетін дерексіз материалдардың, кездесетін арнайы терминдердің санының көп болуына және білім алушыларда қоршаған әлем туралы ақпараттарының шектеулілігіне байланысты зерде бұзылыстары бар оқушылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады.

6-сыныптағы «География» оқулығы – бұл физикалық географияның бастапқы курсы, оның мақсаты – зерде бұзылыстары бар білім алушыларда адамның жалпы мәдениетінің бөлігі ретіндегі географиялық білімнің қарапайым, бірақ дұрыс және дәл жалпыланған жүйесін, географиялық мәдениетті қалыптастыру.

Мұғалім үшін «География» оқулығы – білім алушылардың оқу қызметін басқару және сабаққа жаңартылған мазмұн жағдайында дайындалу тәсілін және оның ерекшеліктерін сипаттайтын міндеттерді іске асыру құралы. Мысалы, мотивация – оқу мақсаты – оқу міндеті – оқу әрекеттері мен опе-

рациялары – нәтиже және оның рефлексиясы – бұлардың бәрі география сабақтарында оқулықтың көмегімен әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруға арналған әрекеттер тізбегі.

6-сыныпқа арналған «География» оқу курсының «Физикалық географияның бастауыш курсы» бөлімінің мазмұны қамтитын оқу тақырыптары:

- Кіріспе. География нені оқытады?
- Жергілікті жерде бағдарлау.
- План және карта.
- Жер бетінің пішіні.
- Жер шарындағы су.
- Жер шары.
- Қазақстанның физикалық картасы.

Оқулықтың негізгі бірлігі – бір сабаққа сәйкес келетін параграф. Мәтіндерде негізгі теориялық және эмпирикалық мәліметтер: географиялық нысандардың сипаттамасы, ұғымдардың анықтамасы, нысандар мен табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, негізгі білімді сенімді ашуға көмектесетін ақпараттар қарастырылады. Оқулықта бағдарламада көрсетілгеннен біраз материалдар артық берілген. Бұл қосымша материалдар – негізгі бағдарламалық материалдарды бекітуге көмектеседі (мысалы, «Қазақстанның физикалық картасы» бөлімінде). Оқу апараты әртүрлі формада – түсіндірме мәтін, иллюстрациялар, сызбалар, анықтамалық материалдар, географиялық және топонимикалық сөздіктер, қосымша оқуға арналған мәтіндер және білім алушылардың орындау мүмкіндігін ескере отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жүйесі ұсынылған.

Оқулықтағы иллюстрациялар, суреттер мотивациялық, тәрбиелік, дамытушылық және эстетикалық атқарымдарды орындайды. Олар мәтінді көрнекі және бейнелі етуге көмектеседі, сондай-ақ олар (карталар, карта сызбалары) мәтінмен бірдей рөл атқарады. Әртүрлі деңгейдегі сұрақтар жүйесі жеке тұлғаны дамытуға, білгендерін тексеруге және

өзін-өзі тексеруге бағытталған. Оқулықта географиялық ақпараттың маңызды көзі ретіндегі картографиялық компонентке ерекше назар аударылған. Карталар мен сызбалар тек мәтінде ғана емес, жұмыс дәптерінде, атласта да бар.

Оқулықтың блоктық-модульдік құрылымы әрбір бөлімшені жеке параграфтарды қамтитын, олардың әрқайсысында төменде берілген блоктар ерекшеленетін тұтас модуль түрінде көруге мүмкіндік береді:

1. Бағдарлы – білім алушылардың мәтінмен жұмыс істеуге уәждемелік қатысуын болжайды, әрбір параграфтың алдында зерделенетін ең басты нысанды (Сен ... білетін боласың), білімді өзектендіруге арналған сұрақтарды ерекшелеп көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Ақпараттық – мультитәртіптік байланыстарға сүйене отырып, негізгі мазмұнын ашады (географиялық материалды проблемалық, жағдаяттық есептерді, шешуін іздестіруді, диалогты, өнімді практикалық әрекетті орындау алгоритмін қоса отырып, шағын көлемде ұсынады) және тұжырымдама – сабақтың тақырыбы бойынша қысқаша қорытынды беріледі. Иллюстрациялық қатар көрнекілікті қамтамасыз етеді, дерексіздікті түсінуді жеңілдетеді, қосымша ақпарат береді.

3. Бағалау-рефлексивтік – зерделенгенді қайталауға, бекітуге және рефлексияға бағытталған. Ол «Есте сақта», «Атласпен және картамен практикалық жұмыс», «Бақылаулар мен зерттеулерді жүргізу», «Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар», «Бөлім бойынша қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар» айдарлары; сабақ тақырыбы бойынша әртүрлі деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар түрінде ұсынылған.

Оқулық құрылымы бастапқы географиялық білімді игеруге ыңғайлы. Ол мұғалімдер мен оқушылардың дербес және бірлескен іс-әрекеттері үшін жағдай жасайды, ата-аналар тарапынан бақылау мүмкіндігін тудырады. Оқулықта баян-

далған тақырыптар бойынша білімді бекіту, тексеру үшін жұмыс дәптерін пайдалану ұсынылады. Онда сыныпта да, үй тапсырмаларын орындау кезінде де қолдануға болатын күрделілік деңгейі әртүрлі вариативтік тапсырмалар берілген. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекшеліктеріне бейімделген кескін карталарды, жазбаша тапсырмаларды, кестелерді, сызбаларды, дидактикалық ойындарды, практикалық жұмыстарды қосу мұғалімге сабақты неғұрлым тиімді өткізуге, осы санаттағы білім алушыларға қажетті жеке және сараланған тәсілді жүзеге асыруға, олардың танымдық қызығушылығын дамытуға, оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Жұмыс дәптерінің материалы мұғалімге сабақта және бақылау-диагностикалық іс-шараларда қолданылатын әдістемелік әдістерді әртараптандыруға көмектеседі. Жеке тапсырмаларды (сызбалар, кестелер, кескін карталар, ребустар, сөзжұмбақтар және т.б.) мұғалім бүкіл сыныпқа слайд түрінде көрсете алады (мысалы, кескін картамен жұмыс жасау кезінде).

Мұғалімге арналған әдістемелік құралда ұсынылғандар:

– Орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар үлгісі – (оған қорытындылау сабақтары енгізілмеген, бірақ жұмыс дәптерінде оларды өткізуге арналған тапсырмалар берілген; өткен сабақтарға қатысты экскурсияларды, ойын-сауық сабақтарын және т.б. мұғалімнің өзі жоспарлайды).

– 6-сыныптағы оқу үдерісінің жобасына: деңгейлік мақсатты тұжырымдау, үлгілік бақылау-диагностикалық сұрақтар мен тапсырмалар, Оқу жетістіктері картасы («Кіріспе. География нені зерттейді?») кіреді.

– Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары.

ОӘК әдістемелік аппараты мұғалімнің оқыту стратегияларының әртүрлі арсеналын (заманауи технологиялар, әдістер, формалар, тәсілдер және оқушылармен жұмысты ұйымдастырудың басқа да ресурстары) іс жүзінде қолдану мүмкіндігін ескере отырып құрылған.

Оқушыны дара тұлға ретінде дамытудың жоғары нәтижелеріне мұғалімнің оқушыларға олардың типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жүзеге асыратын мақсатты қатынасы – деңгейлік саралап оқыту технологиясы негізінде қол жеткізуге болады. Бұл – сан түрлі сабақ типтері мен кезеңдерінде тапсырмаларды саралау барысында пайда болатын төрт топ (В.В. Воронкова, П.Г. Тишин, В.В. Эк, Е.А. Ковалева және басқалар). Географияны оқыту тәжірибесінде, көбінесе, оқушылардың қабілет деңгейі мен пәнге бейімділігі есепке алынып, үй жұмыстары мен тексерілетін жұмыстардың қиындық деңгейі бойынша сараланады.

Жаңа сабақты бекіту кезінде де, меңгеру барысында да, сондай-ақ өткенді қайталау кезінде де мұндай әдістің маңыздылығы төмендемейді. Ақыл-ойында кемістігі бар балаларды оқыту жаңа ақпарат алуды қамтамасыз ететін, түрлі сипаттағы білімді меңгеруге мүмкіндік беретін есте сақтау үдерісіне сүйенеді. Ақыл-ойы қалыпты балаларға қарағанда ақыл-ойында кемістігі бар балалардың оқу материалдарын есте сақтау деңгейі төмен. Ауызша және көрнекі материалды анық және берік есте сақтай алмайды. Қайталап айтқанда олар көпшілігін қалдырып кетеді, біртұтас болып келетін элементтердің орнын ауыстырып жібереді. Дамуында проблема бар балалар өздерінің назарын аударатын әрі қызығушылығын туғызатын нәрселерді ғана есте сақтайды. Оқушылардың еріксіз есте сақтауының нәтижелі болуы олардың орындаған жұмыстарының сипатына байланысты. Егер олар белсенді түрде жұмыс істейтін болса, яғни практикалық тапсырмаларды орындаса («Компас және оның құрылысы», «Мектеп жер телімінің планы», «Аралдың, түбектің макетін жасау» және т.б.), экскурсияға шығып, бақылау жүргізсе («Жергілікті жер бедерінің пішіндері», «Жыра», «Тұщы және тұзды су», «Көкжиек сызығы» және т.б.), онда нәтиже жоғары болады.

Саралау жаңа материалды бекіту кезінде, меңгеру кезінде, сондай-ақ өткенді қайталау кезінде де маңызды. Білімді жүйелеу сабағында түрлі деңгейдегі тапсырмаларды еркін таңдау әдісі кеңінен қолданылады. Осы сабақта оқушылар белгілі бір тақырып бойынша дағды мен білікті қалыптастырады және дамытады.

Мысалы: «Өзен бөліктері. Жазық жердегі және таулы жердегі өзендер» тақырыбы. Қайталау.

Сараланған III топтың оқушылары (жоғары деңгей) сұрақтарға жауап береді.

– *Жердегі ойпатта ағып жатқан су ағыны қалай аталады? Өзендер қандай болады? Олар несімен ерекшеленеді?*

Сараланған II топтың оқушылары (орта деңгей) карточкалар бойынша тапсырма орындайды.

– *Өзен бөліктерін дұрыс жазыңдар, атаңдар.*

Сараланған I топтың оқушылары (төмен деңгей) тапсырманы орындайды.

– *Тау өзені қай суретте?*

– *Жазық өзені қай суретте?*

Ақыл-ойының дамуында мәселесі бар оқушылар үнемі өз білгенін қиындықсыз жеткізіп айта алатындай дәрежеде сөйлей бермейді. Сондықтан білімді тек ауызша сөйлеу арқылы анықтауды толық және объективті деп тануға болмайды. Ақыл-ойының дамуында мәселесі бар балалардың осы ерекшеліктерін ескере отырып, тексеру жұмыстарының бірнеше түрін ұйымдастыру қажет.

1. *Тест тапсырмалары.* География сабағында тест тапсырмаларын қолдану мұғалімге оқушылардың сабаққа белсене қатысуын қамтамасыз етуге, білімнің игерілуін үнемі қадағалап отыруға, қажетті көмекті уақтылы көрсетуге көмектеседі, ақыл-ойының дамуында мәселесі бар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, сонымен қатар оқушылардың даму жолын қадағалауға мүмкіндік береді. Тест тапсырмалары оқушылардың өзін-өзі бақылауын дамытуға, өзінің оқу

іс-әрекетін өзі дәлме-дәл бағалауын қалыптастыруға және мұғалім тарапынан бағалауға барабар көзқарас қалыптастыруға жетелейді. Тест тапсырмалары түзету функциясын атқарады, өйткені олар психикалық үдерістерді, эмоционалды-ерік саласын түзетуге ықпал етеді.

2. *Сызбалармен жұмыс.* Сызбалар әртүрлі: бұл тірек-сызбалар, нұсқау-сызбалар, динамикалық сызбалар, сурет-сызбалар. Сызбалар заттың барлық белгілерін ерекшелеп танытады, қалыптасқан ұғымның құрылымын көрсетеді, табиғи нысандардың бағыты мен нәтижесін, зерттелетін нысандардағы негізгі өзара байланыстар мен қатынастарды ашады. Сызбаларды қолдану мұғалімге қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты сабақтың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың ақыл-ой әрекеттерін басқаруға мүмкіндік береді.

Сызбалар бойынша жұмыс екі нұсқада жүреді:

- дайын түрде ұсынылады және сол бойынша жаңа материал түсіндіріледі;

- бүкіл сабақ барысында түзіледі, ал қорытынды бақылау кезеңінде ол фронтальды және жеке бекіту үшін, сондай-ақ алынған білім сапасын бағалау мақсатында қолданылады.

Сызбалар балалардың зейінін негізгі мәселеге шоғырландыруға, мағлұматтың логикалық мәнін тереңірек игеруге, бағдарлама бойынша материалды қайта айтып беруге және есте сақтауға, меңгеруді жеңілдетуге көмектеседі. Сызбалармен жұмыс істеу оқушылардың танымдық белсенділігін дамытады. Өйткені сызбаға сүйеніп жұмыс істеген балалардың өз біліміне сенімділігі артады, берілген тақырып бойынша өз бетінше үйлесімді әңгіме құруды үйренеді.

Іс-әрекет әдістері мен білімді меңгеруге бақылау жасау кезінде саралап оқыту тәсілі мынадай үш түрде жүзеге асырылады:

- *кіріс* – оқушылардың жұмысқа дайындық деңгейі және қажет болған жағдайда осы деңгейді түзету туралы ақпаратқа арналған;

- *ағымдық немесе аралық* – әр оқу элементінен кейін материалды меңгеру мен оқушылардың дамуындағы олқылықтарды анықтау мақсатында қолға алынып, меңгеруді түзетумен аяқталады;

- *қорытынды* – меңгеру деңгейін бағалауға арналған. Іс-әрекет әдістері мен білімді меңгеру деңгейін бағалау: көп деңгейлі сипаттағы дәстүрлі бақылау жұмыстарымен қатар тестілеу өткізіледі және бағалаудың айтарлықтай қолайлы рейтингілік межесі қолданылады.

**Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған
күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

«География» пәні, 6-сынып
Аптасына – 2 сағат, барлығы – 72 сағат

№	Бөлім / ауыспалы тақырып	Сабақтардың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан						
1	Кіріспе. География нені оқытады? (4 сағ.)	География – Жер ғаламшарының табиғаты, халқы мен оның шаруашылығы туралы ғылым.	6.1.1.1. Географияның Жер табиғатын, халықты және оның шаруашылық әрекетін зерттейтінін білу.	1		
2		Күн биіктігінің өзгеруін бақылау	6.1.1.2. Күн биіктігінің және ауа райының өзгерістеріне бақылау жүргізу; ауа райы компоненттерін: жауын-шашынды, желді, бұлтты білу және атау, жыл мезгілдерінің белгілерін атап шығу.	1		
3		Ауа райын бақылау. Жыл мезгілдерінің белгілері	6.1.1.2. Күн биіктігінің және ауа райының өзгерістеріне бақылау жүргізу; ауа райы компоненттерін: жауын-шашынды, желді, бұлтты білу және атау, жыл мезгілдерінің белгілерін атап шығу.	1		

4	Жергілікті жер және халқының шаруашылығы туралы географиялық мәліметтер	Жергілікті жер және халқының шаруашылығы туралы географиялық мәліметтер	6.1.1.3. Өзінің тұрғылықты жері мен ондағы халықтың еңбегі туралы қарапайым географиялық мәліметтердің болуы.	1	
5	Жергілікті жерде бағдарлау (4 сағ.)	Көкжиек. Көкжиек сызығы	6.1.2.1. Көкжиекке анықтама беру, көкжиек тұстарын атау.	1	
6		Көкжиек тұстары	6.1.2.2. Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша көкжиек тұстарын анықтау.	1	
7		Компас және оның құрылысы. Компаспен жұмыс ережелері	6.1.2.3. Компас құралында бағдарлау, тілдерінің қолданысын түсіну.	2	
8		Жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша бағдарлау	6.1.2.2. Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. 6.1.2.4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерді бағдарлау.	1	
9	П л а н және карта (8 сағ.)	Заттың суреті мен планы	6.1.3.1. Заттың суреті мен планын ажырату.	1	
10		Масштаб. Қашықтықты өлшеу және планда масштаб бойынша бейнелеу. Планды адамның практикалық қызметінде пайдалану	6.1.3.2. Масштабы туралы түсінігінің болуы; арақашықтықты өлшеу және мұғалімнің басшылығымен оларды масштаб бойынша планда бейнелеу. 6.1.3.7. План және карта бойынша жергілікті жер бағыттарын анықтау; мұғалімнің басшылығымен пландағы және кескін картадағы бағыттарды белгілеу. 6.1.3.4. Іскерлік ойындарда, жағдаяттық тапсырмаларды шешу кезінде планды пайдалану.	1	

11	Мектеп жер телімінің планы	6.1.3.3. Мұғалімнің басшылығымен сыныптың, мектеп жер телімінің планын сызу. 6.1.3.4. Іскерлік ойындарда, жағдаяттық тапсырмаларды шешу кезінде плаңды пайдалану.	1		
12	Жергілікті жер планындағы шартты белгілер	6.1.3.5. Жергілікті жер планының шартты белгілерін түсіну; шартты белгілер бойынша қарапайым белгілерді оқу.	1		
13	План және географиялық карта. Картадағы негізгі бағыттар. Карта-ның масштабты	6.1.3.6. План мен географиялық картаны ажырату. 6.1.3.7. План және карта бойынша жергілікті жер бағыттарын анықтау; мұғалімнің басшылығымен пландағы және кескін картадағы бағыттарды белгілеу.	1		
14	Физикалық картаның шартты түстері	6.1.3.8. Үлгілік физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шекаралар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) түсіну.	1		
15	Физикалық картаның шартты белгілері	6.1.3.8. Физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шекаралар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) түсіну.	1		
16	Қазақстанның физикалық картасы. Физикалық карталардың адам өміріндегі және қызметіндегі маңызы	6.1.3.9. Географиялық картаның қолданысын түсіну; Қазақстанның физикалық картасы туралы түсінігін болуы.	1		
17	Өткен тақырыптарды қайталау		1		

II тоқсан

18	Жер бетінің пішіні (5 сағ.)	Жергілікті жер бедері	6.1.4.1. Жергілікті жердің бедері, оның негізгі пішіндері туралы түсінігінің болуы.		
19		Жергілікті жер бедерлерімен танысуға арналған экскурсия	6.1.4.2. Экскурсиядан кейін өзі бақылаған жергілікті жер бедерінің ерекшеліктері туралы айту.	1	
20		Жазықтар. Жазықтарды теңіз деңгейіне қатысты биіктік бойынша ажырату. Жазықтардың орналасуы	6.1.4.3. Тегіс және адырлы жазықтарды ажырату; жазықтарды теңіз деңгейінен биіктігі бойынша (ойпат, қырат, үстірт) ажырат. 6.1.4.4. Физикалық картада жазықтардың орналасуын көрсету. 6.1.4.8. Дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан жазықтың үлгісін жасау. 6.1.4.9. Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің пішіндерін көрсету.	1	
21		Жыралар, олардың пайда болуы және олармен күрес	6.1.4.5. Жыралардың пайда болу себептерін, жыралармен күресу жолдарын атау. 6.1.4.8. Дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан жыраның үлгісін жасау.	1	

22		Таулар, таулардың биіктігіне қарай бөлінуі. Таулардың картадағы орналасу орны. Жер сілкіну. Жанартаудың атқылауы	6.1.4.6. Таулардың биіктігі бойынша ажыратылатынын түсіну. 6.1.4.7. Физикалық картада таулардың орналасуын көрсету. 6.1.4.8. Дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан төбенің, таудың, жыраның үлгісін жасау. 6.1.4.9. Қазақстанның физикалық картасында Жер бетінің пішіндерін көрсету. 6.1.4.10. Жер сілкінісінің және жанартаудың атқылауының себептері мен көріністерін атау.	1	
23	Жер шарындағы су (11 сағ.)	Табиғаттағы су. Судың маңызы	6.1.5.1. Өмір сүру үшін Жер бетіндегі судың маңызы туралы айту. 6.1.5.2. Табиғаттағы су айналымын сипаттау.	1	
24		Мұхиттар мен теңіздер. Мұхиттар мен теңіздердің картадағы орналасу орны	6.1.5.7. Мұхиттар мен теңіздерді ажырату; табиғи құбылыстар: құйын, дауыл, цунами туралы түсінігінің болуы.	1	
25		Аралдар мен түбектер	6.1.5.8. Аралдар мен түбектердің белгілерін ажырату.	1	
26		Өзендер. Өзен бөліктері. Өзендердің картадағы орналасу орны	6.1.5.4. Өзен бөліктерін атау, қасиеттері бойынша тау және жазық өзендерді ажырату; адамның өзендерді пайдалануы туралы айту.	1	

27	Тау және жазық өзендері. Өзендерді пайдалану және қорғау	6.1.5.4. Өзен бөліктерін атау, қасиеттері бойынша тау және жазық өзендерді ажырату; адамның өзендерді пайдалануы туралы айту.	1	
28	Көлдер. Көлдерді пайдалану және қорғау	6.1.5.5. Көлдерді, суқоймаларды, тоғандарды атау және ажырату; балықтарды, құстарды өсіру туралы айту. 6.1.5.9. Жергілікті жердегі суқоймалар туралы айту; суды ластанудан қорғау жолдарын атау.	1	
29	Суқоймалар. Тоғандар	6.1.5.5. Көлдерді, суқоймаларды, тоғандарды атау және ажырату; балықтарды, құстарды өсіру туралы айту.	1	
30	Батпақтар. Батпақтардың пайда болу себептері. Батпақтарды құрғату	6.1.5.6. Батпақтар, оларды құрғату жолдары туралы түсінігінің болуы.	1	
31	Бұлақ. Бұлақтың пайда болуы	6.1.5.3. Бұлақтың пайда болуы, құдықтың, су құбырының қолданысы мен пайдалануы туралы, адамның суды үнемдеп пайдалануы туралы айту.	1	
32	Құдық. Суқұбыры. Адамның оларды пайдалануы	6.1.5.3. Бұлақтың пайда болуы, құдықтың, су құбырының қолданысы мен пайдалануы туралы, адамның суды үнемдеп пайдалануы туралы айту.	1	
33	Жергілікті жердегі суқоймалар. Суды ластанудан қорғау	6.1.5.9. Жергілікті жердегі суқоймалар туралы айту; суды ластанудан қорғау жолдарын атау.	1	
34	Өткен тақырыптарды қайталау		1	

III тоқсан			
35	Жер шары (14 сағ.)	Жер, Күн, Ай туралы қысқаша мәліметтер	6.1.6.1. Жер, Күн, Ай туралы жалпы түсініктерінің болуы.
36		Жер пішіні	6.1.6.2. Жердің ғаламшар екені туралы түсінігінің болуы; Жердің шар тәріздес екеніне дәлелінің болуы. 6.1.6.4. Жердің алғашқы ғарышкерінің және Қазақстанның алғашқы ғарышкерлерінің есімдерін атау (Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев).
37		Глобус – Жер шарының үлгісі.	6.1.6.3. Жер шарының үлгісін ермексаз немесе саздан жасау, онда экватор мен полюстарды белгілеу. 6.1.6.5. Глобус – Жер шарының үлгісі екенін түсіну; глобуста экваторды, полюстарды көрсете білу; құрлық пен суды глобуста бейнелеу ерекшеліктерін түсіну. 6.1.6.7. Мұхиттарды глобус пен жартышар картасынан көрсету.
38		Жартышарлар физикалық картасы	6.1.6.6. Жартышардың физикалық картасы туралы түсінігінің болуы; физикалық картада Жердегі су мен құрлықтың бөлінуін көрсету.

39	Жер бетіндегі су мен құрлықтың орналасуы	6.1.6.7. Глобушта және жартышар картасында мұхиттарды көрсету. 6.1.6.8. Материктерді (Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Аустралия, Антарктида) глобушта және жартышар картасында көрсету (мұғалімнің таңдауы бойынша).	1	
40	Глобус пен Жартышарлар картасындағы мұхиттар	6.1.6.7. Глобушта және жартышар картасында мұхиттарды көрсету.	1	
41	Материктер. Еуразия, Африка материктері	6.1.6.8. Материктерді (Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Аустралия, Антарктида) глобушта және жартышар картасында көрсету. 6.1.6.9. Материктер мен мұхиттарды кескін картада белгілеу.	1	
42	Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Аустралия, Антарктида материктері	6.1.6.8. Материктерді (Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Аустралия, Антарктида) глобушта және жартышар картасында көрсету. 6.1.6.9. Материктер мен мұхиттарды кескін картада белгілеу.	1	
43	Алғашқы әлемдік саяхаттар	6.1.6.10. Жер шарын айналған алғашқы саяхаттарды атау.	1	
44	Күн жылуы мен жарығының Жер бетінде таралу ерекшеліктері	6.1.6.11. Күннің Жер бетіндегі тіршілік үшін маңызын түсіндіру. Күннен Жер бетіне түсетін жылу мен жарықтың таралуындағы (Күн сәулесінің тік, көлбеу, сырғи түсуі) айырмашылықты түсіну.	1	

45		Климат, оның ауа райынан ерекшелігі. Климаттың негізгі түрлері	6.1.6.12. Климатты ауа райынан ажырату; климаттың негізгі типтерін сипаттау.	1	
46		Жарықтандыру белдеулері (суық, қоңыржай, ыстық).	6.1.6.13. Жарықтандыру белдеулерін: ыстық, қоңыржай, салқын атау. 6.1.6.14. Жарықтандыру белдеу бейнесін глобуста және жартышар картасында тану.	1	
47		Тропиктік белдеу табиғаты	6.1.6.15. Тропиктік белдеудің табиғатын сипаттау.	1	
48		Қоңыржай және полярлық белдеулердің табиғаты	6.1.6.15. Қоңыржай және полярлық белдеулердің табиғатын сипаттау.	1	
49	Қазақстанның физикалық картасы (6 сағ.)	Қазақстан – менің Отаным. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы	6.1.7.1. Өзі өмір сүретін елді, өз Отанының астанасын атау.	1	
50		Қазақстанның глобустағы, жартышар картасындағы, физикалық картадағы орны	6.1.7.2. Қазақстанның глобустағы, жартышар картасындағы, физикалық картадағы орналасу орнын көрсету.	1	
51		Қазақстанның теңіздік және құрлықтық шекаралары	6.1.7.3. Физикалық картада Қазақстанның теңіздік және құрлықтық шекараларын көрсету.	1	

52	Кескін картамен практикалық жұмыс	6.1.7.4. Кескін картада Қазақстанның шеғарасын белгілеу.	1	
53	Каспий теңізі	6.1.7.5. Қазақстанның физикалық картасында Каспий теңізін, Арал теңізін көрсету және атау.	1	
54	Арал теңізі	6.1.7.5. Қазақстанның физикалық картасында Каспий теңізін, Арал теңізін көрсету және атау.	1	
55	Өткен тақырыптарды қайталау		1	
IV тоқсан				
56	Қазақстанның жер бетінің жалпы сипаттамасы	6.1.7.7. Қазақстанның жер бетіне жалпы сипаттама (жазықтар, қыраттар, таулар) беру.	1	
57	Пайдалы қазбалардың ірі кен орындары	6.1.7.6. Қазақстандағы ірі кен орындарын көрсету және атау.	1	
58	Шығыс Еуропа жазығы	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Шығыс Еуропа жазығын көрсету және атау.	1	
59	Батыс Сібір жазығы	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Батыс Сібір жазығын көрсету және атау.	1	
60	Тұран жазығы	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Тұран жазығын көрсету және атау.	1	
61	Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқа)	6.1.7.7. Қазақстанның физикалық картасында Қазақтың ұсақ шоқысын (Сарыарқа) көрсету және атау; 6.1.7.10. Зерделенген нысандардың атауларын Қазақстанның кескін картасына түсіру.	1	

62	Орал таулары	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Орал тауларын көрсету және атау. 6.1.7.10. Зерделенген нысандардың атауларын Қазақстанның кескін картасына түсіру.	1		
63	Алтай таулары	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Алтай тауларын көрсету және атау.	1		
64	Жоңғар (Жетісу) Алатауы	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Жоңғар Алатауын көрсету және атау.	1		
65	Солтүстік Тянь-Шань	6.1.7.8. Қазақстанның физикалық картасында Солтүстік Тянь-Шань тауларын көрсету және атау. 6.1.7.10. Зерделенген нысандардың атауларын Қазақстанның кескін картасына түсіру.	1		
66	Қазақстанның өзендері мен көлдері	6.1.7.9. Қазақстанның физикалық картасында Қазақстанның өзендері мен көлдерін (Балқаш көлі, Алакөл көлі, Ертіс өзені, Жайық өзені, Сырдария өзені, Іле өзені) көрсету және атау.	1		
67	Балқаш көлі	6.1.7.9. Қазақстанның физикалық картасында Балқаш көлін көрсету және атау.	1		
68	Алакөл көлі	6.1.7.9. Қазақстанның физикалық картасында Алакөл көлін көрсету және атау. 6.1.7.10. Зерделенген нысандардың атауларын Қазақстанның кескін картасына түсіру.	1		
69	Ертіс өзені. Жайық өзені	6.1.7.9. Қазақстанның физикалық картасында Ертіс өзенін, Жайық өзенін көрсету және атау.	1		

70	Сырдария өзені. Іле өзені	6.1.7.9. Қазақстанның физикалық картасында Сырдария өзенін, Іле өзенін көрсету және атау; 6.1.7.10. Қазақстанның кескін картасына зерделенген нысандардың атауларын түсіру.	1	
71	Қазақстанның табиғи нысандарын қорғау. Табиғатты қорғаудағы мемлекеттің рөлі	6.1.7.11. Қазақстанның табиғи нысандарын қорғау қажеттілігін түсіндіру; табиғатты қорғауда мемлекет пен қоғамның рөлін түсіндіру.	1	
72	Қайталау		1	

«География» пәні бойынша оқыту үдерісінің жобасы
«География нені оқытады?» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны		4
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
<p>6.1.1.1. Географияның Жер табиғатын, халқын және оның шаруашылық әрекетін зерттейтінін білу.</p> <p>6.1.1.2. Күн биіктігінің және ауа райының өзгерістеріне бақылау жүргізу; ауа райы компоненттерін: жауын-шашынды, желді, бұлтты білу және атау, жыл мезгілдерінің белгілерін атап шығу.</p> <p>6.1.1.3. Өзінің тұрғылықты жері мен ондағы халықтың еңбегі туралы қарапайым географиялық мәліметтердің болуы.</p>		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
<p>1. Географияның Жер табиғатын зерделейтінін білу.</p> <p>2. Сызбада Күн биіктігі мен ауа райының өзгеруін білу, мұғалімнің басшылығымен бақылау жүргізу.</p> <p>Ауа райы компоненттерінің шартты белгілерін: жауын-шашын, жел, бұлттылық, температураны көрсету.</p> <p>Жыл мезгілдерін атау.</p>	<p>1. География ғылымы немі зерделейтінін, «география» сөзі немі білдіретінін географиялық мәліметтерді қай ақпарат көздерінен табуға болатындығын түсіну. Географиялық нысан мен географиялық құбылысты ажырата білу.</p> <p>2. Күннің, жылдың әртүрлі уақыттарындағы Күн биіктігін ажырату. Күн мен ауа райының биіктігінің өзгеруін бақылау. Ауа райы құбылысы екенін түсініп, өзгерістерді ауа райы күнтізбесінде белгілеу.</p>	<p>1. Географиялық білімнің адам үшін және оның шаруашылық қызметі үшін маңыздылығын түсіну; географиялық мәліметтердің ақпарат көздерін табу. Географиялық нысан мен географиялық құбылысты анықтау.</p> <p>2. Күннің, жыл бойы Күн биіктігі мен ауа райының өзгеруін өздігінен бақылау. Сеп-салдарлық тәуелділіктерді анықтау: күннің биіктігі – тәулік уақыты, жыл мезгілі. Температураның тәулік уақытына, жыл мезгілдеріне сәйкес өзгеру себептерін түсіндіру.</p> <p>Құрастыру: шартты белгілер бойынша ауа райының сипаттамасын, жыл мезгілдерін сипаттау жоспары.</p>

<p>3. «Жергілікті жер географиясы» туралы түсініктің болуы.</p> <p>Жер бетінің пішіндерін (жазық, таулар) тану және көрсету. Өзі тұратын жердің атауын, Жер бетінің пішінін, халқының негізгі еңбек қызметін атау.</p>	<p>Жоспар, тірек сөздер бойынша жыл мезгілінің сипаттамасын жасау.</p> <p>3. «Жергілікті жер географиясы» анықтамасын түсіну. Жауаптарда, сөйлеу тілінде терминологияны (географиялық нысан, жергілікті жер географиясы, географиялық мәліметтер, Жер бетінің пішіні, еңбек қызметі, халқы) пайдалану.</p>	<p>3. «Жергілікті жердің географиясы» анықтамасын түсіндіру; сөйлеу тілінде (диалогта), өзі тұратын жер туралы еңгімеде терминологияны (географиялық мәліметтерді, геоэкологиялық нысанды, жергілікті жердің географиясын, Жер бетінің пішіндерін, орналасқан жерін, халқының еңбек қызметін) пайдалану; өзінің жергілікті жері туралы білімнің не үшін қажет екенін түсіндіру.</p>
<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, еңгімеге қатысу. План, тірек сөздер, сызба бойынша өзі тұратын жер туралы ауызша еңгіме, сипаттама құрастыру. Дұрыс айтылу үлгілері, сөз пішінінің өзгеруі, сөйлем құрау (жұмыс дәптеріңде).</p>		
<p>Сөздер және сөз тіркестері. География, ғылым, Жер бетінің сипаттамасы, теңізшілер, карталар, жергілікті жердің сипаттамасы, географиялық нысандар, географиялық құбылыстар, орналасқан жері, су тасқыны, жанартаудың атқылауы, шаруашылық белсенділігі, Күннің биіктігі, тәулік, сәулелердің бағыты, Күннің тас төбеде тұруы, тік сәулелер, орбита, орбита бойынша қозғалыс, күндізгі жарық, ауа райының өзгеруі, атмосфера, синоптик, болжам, Жердің Күн айналасындағы қозғалысы, географиялық мәліметтер, жергілікті жер географиясы, жер беті, суқоймалар, жазықтар, биіктіктер, тау жоталары.</p>		
<p>Оқу-практикалық қызметті ұйымдастыру мәдениеті. «География» сабағындағы тәртіп ережелерін, сөйлеу тілдік этикет ережелерін білу және сақтау. Жұппен жұмыс істей отырып, ұжымдық қызметтегі достық қарым-қатынасты көрсету. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін сақтау. Оқу құралдарына ұқыпты қарау, жұмыс дәптеріңдегі практикалық тапсырмаларды, нұсқаулықты, жоспарды, жаднаманы есте ұстай отырып, ұқыпты орындау.</p>		

<p>Практикалық қызмет. Жаңа оқулықпен, жұмыс дәптерімен, оқулыққа берілетін қосымшамен (атласпен) танысу, ауа райы күнтізбесінен мәліметтерді оқу және қорыту, ауа райы күнтізбесін толтыру, жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау, музыкалық фрагменттерді тыңдау, сурет салуды орындау, экскурсия кезіндегі бақылаулардан кейін жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.</p>	<p>Пенаралық және пәнішілік байланыстар. «География» сабағында «Айналадағы әлем», «Оқу және тіл дамыту», «Қазақ тілі» пәндері бойынша бұрын алған білім мен дағдыларды және өзінің жеке тәжірибесін пайдалану. «География» пәні бойынша алған білімді оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін қолдану керек. Жаратылыстану (жауын-шашын). Математика (Күннің биіктігі, температурааны өлшеу). Оқу және тіл дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, белгілер). Қазақ тілі (сөздіктер және қиын сөздер).</p>
<p>Құрал-жабдықтар. Оқулық, жұмыс дәптері, атлас, ауа райын бақылау күнтізбесі, «Жыл мезгілдері» кестесі, «Ауа райының шартты белгілері» кестесі, ауа райы күнтізбелері (1-5-сынып), сызбалар, жаңа сөздер жазылған, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне-және аудиоматериалдар, П.И. Чайковскийдің «Жылдың төрт мезгілі» шығармасынан алынған музыкалық фрагменттер, тұсаукесерлер, суретальбомдар, ашық хаттар жиынтығы, жергілікті жерді зерделеу планы, сурет салуға арналған альбомдар, практикалық жұмыстарды, тәжірибелерді, бақылауларды жүргізуге арналған жабдықтар, цифрлық білім беру ресурстары.</p>	<p>Үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары</p>
<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>Тапсырмалар мазмұны</p>
	<p>Күрделіліктің төмен деңгейі</p>
<p>1. Географияның негізгі нәтижелерін білу.</p>	<p>1. Жақша ішіндегі сәйкес сөзді қой. Сөйлемді аяқта.</p> <ul style="list-style-type: none"> • «География» ғылымы ... (су, Жер, Күн) бетін зерделейді. • «География» сөзі ... (су, Жер, Күн) сипаттамасы болып аударылады. • Жер беті ... (географиялық нысандар мен географиялық құбылыстар, географиялық нысандар мен географиялық орналасу орны) болып бөлінеді.

<p>2. Күн биіктігі мен ауа райының өзгеруі туралы білу. Жыл мезгілдерінің белгілерін білу.</p>	<p>2. Жұмбақты оқы. Жауабын жаз. Жартысы жадыратып нұр себеді, Қалғаны қара мақпал бүркенеді. Ол не? (...ә...л...к)</p> <p>3. Артығын сызып таста. Күн Жерге ... (жарық, жылы, суық) береді. 1.2.3. «Жыл мезгілдері» кестесін толтыр.</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> </tr> <tr> <td>1. қаңтар</td> <td>1. наурыз</td> <td>1. маусым</td> <td>1. _____</td> </tr> <tr> <td>2. _____</td> <td>2. _____</td> <td>2. _____</td> <td>2. _____</td> </tr> <tr> <td>3. _____</td> <td>3. _____</td> <td>3. _____</td> <td>3. _____</td> </tr> </table>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	1. қаңтар	1. наурыз	1. маусым	1. _____	2. _____	2. _____	2. _____	2. _____	3. _____	3. _____	3. _____	3. _____
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>														
1. қаңтар	1. наурыз	1. маусым	1. _____														
2. _____	2. _____	2. _____	2. _____														
3. _____	3. _____	3. _____	3. _____														
<p>3. «Жергілікті жер географиясы» дегеннің не екенін білу.</p>	<p>4. Сен өзің тұратын жерде қандай жер бедерін байқадың, v таңбасымен белгіле. Таулар _____ Жазықтар _____</p>																
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p>																	
<p>1. География пәнін атау, география ғылымы нені зерттейтінін, «география» сөзі нені білдіретінін айту.</p>	<p>1. «География» сөзі қандай грек сөздерінен құралады? Олар нені білдіреді? _____.</p> <p>2. Ежелгі уақытта географиялық білімнің кеңеюіне не ықпал етті: а) сауданың дамуы; б) жаңа жерлердің табиғаты туралы білуге талпыну; в) аң аулайтын жаңа жерлерді іздеу.</p>																
<p>2. Ауа райының компоненттерін анықтау, шартты белгілермен белгілеу.</p>	<p>2. Ауа райы күнтізбесінің шартты белгілерінің атауларындағы қателерді түзет.</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 20%;">қар</td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;">бұршақ</td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;">бұлтты</td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> <td style="width: 20%;">жел</td> <td style="width: 20%;"><input type="text"/></td> </tr> <tr> <td>'''</td> <td>*</td> <td></td> <td>o</td> <td></td> <td></td> <td>→</td> <td></td> </tr> </table>	қар	<input type="text"/>	бұршақ	<input type="text"/>	бұлтты	<input type="text"/>	жел	<input type="text"/>	'''	*		o			→	
қар	<input type="text"/>	бұршақ	<input type="text"/>	бұлтты	<input type="text"/>	жел	<input type="text"/>										
'''	*		o			→											

<p>3. Анықтамаларды: жерлікті жердің географиясы, географиялық мәліметтер, географиялық нысан, орналасқан жері, жер бетінің пішіні, халқы, халқының еңбек қызметін түсіну.</p>	<p>3. Сөйлемдерді толықтырып жаз.</p> <p>Мен _____ (қалада, ауылда, ...) тұрамын. Мен тұратын жердің беті _____ (тебелі, таулы, жазық). Біздің _____ тұрғындары _____ жұмыс істейді.</p>
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	
<p>1. Географиялық білімнің адам үшін және оның шаруашылық қызметі үшін маңыздылығын түсіну.</p>	<p>1. Сызбаны толтыр.</p> <p>География нені зерделейді? _____</p> <p>Географиялық білім алу тәсілдері _____</p> <p>Географияны не үшін зерделейді? _____</p>
<p>2. Күннің Жер бетін күні бойы, жыл бойы әртүрлі мөлшерде жылытатынын түсіну.</p>	<p>2. <i>Дұрыс мәлідемелерді таңдап, олардың әріптік шифрын ұяшықтарға жаз. Сөзді оқы.</i></p> <p>Қ Бір тәулікте 24 сағат бар. М Күннің Жерден биіктігі әрқашан бірдей. Ү Күннің биіктігі күн ішінде ғана емес, жыл бойына да өзгереді. Ю Жазда күн қысқа, ал түн ұзақ. Н Жерге түсетін жылу мен жарықтың мөлшері Күнге байланысты. Ш Күн мен түннің уақыты үнемі бірдей.</p> <p style="text-align: right;">□ □ □</p>

3. Жергілікті жер туралы әңгіме құрау, жергілікті жер туралы білімнің не үшін қажет екенін түсіндіру.	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="166 644 249 1130">Жануарлар</td> <td data-bbox="166 151 249 639">Өсімдіктер</td> </tr> </table>	Жануарлар	Өсімдіктер
Жануарлар	Өсімдіктер		

Оқушының «География нені оқытады?» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

Күрделіліктің төмен деңгейі	Орындау туралы белгі
1. Географияның Жер табиғатын зерделейтінін біледі; Тірі және өлі табиғат нысандарын атайды.	
2. Күн биіктігі мен ауа райының тәулік ішінде өзгеруі туралы түсінігі бар, мұғалімнің басшылығымен бақылау жүргізеді. Ауа райы компоненттерін (жауын-шашын, жел, бұлттылық, температура) біледі, атайды. Шартты белгілермен белгілейді. Жыл мезгілдерін біледі және атайды.	
3. «Жергілікті жер географиясы» ұғымын, оған не кіретінін (географиялық нысанның атауы, оның орналасқан жерін, жер бетінің пішінін, халықтың еңбек қызметінің түрлерін) біледі. Жер бетінің пішінін (жазық, таулар) біледі. Өзі тұратын жердің атауын, жер бетінің пішінін, халқының негізгі еңбек кәсібін атайды.	
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. География пәнін, оның нені зерделейтінін, «география» сөзінің нені білдіретінін атайды. Географиялық мөлметтерді қандай ақпарат көздерінен табатынын түсінеді. Географиялық нысан мен географиялық құбылысты ажыратады.	


<p>2. Күннің, жылдың әртүрлі уақыттарындағы Күннің биіктігін ажыратады. Күннің биіктігі мен ауа райының өзгеруін бақылайды, ауа райы күнтізбесіндегі өзгерістерді белгілейді.</p> <p>Күннің Жерді күн, жыл бойында әртүрлі жылытатынын түсінеді.</p> <p>Ауа райы құбылмалы екенін, күні бойы өзгеріп тұратын компоненттерден тұратынын түсінеді.</p> <p>Өзгерістерді белгілейді.</p> <p>Жыл мезгілдерін белгілері бойынша ажыратады.</p> <p>Жоспар, тірек сөздер бойынша жыл мезгілінің сипаттамасын жасайды.</p>	<p>3. Жауап бергенде, сөйлеу тілінде терминологияны пайдаланады. Жер бедерінің географиясы, географиялық ақпарат, географиялық нысан, орналасқан жері, жер бетінің пішіні, еңбек қызметі, халық.</p>
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	
<p>1. Географиялық білімнің адам үшін және оның шаруашылық қызметі үшін маңыздылығын түсінеді.</p> <p>Географиялық ақпарат көздерін табады.</p> <p>Географиялық нысан мен географиялық құбылысты анықтайды.</p>	
<p>2. Күн биіктігі мен ауа райының өзгеруін күн, жыл бойы өздігінен бақылайды.</p> <p>Себеп-салдарлық тәуелділікті анықтайды: күннің биіктігі – тәулік уақыты, жыл уақыты.</p> <p>Температураның күннің, жылдың әртүрлі уақыттарындағы өзгеру себептерін түсіндіреді. Бақылау нәтижелерін белгілеу үшін шартты белгілерді өздігінен қолдана біледі.</p> <p>Шартты белгілер бойынша ауа райының сипаттамасын жасайды.</p> <p>Өздігінен жыл мезгілін сипаттау жоспарын жасай алады.</p>	
<p>3. Жауаптарда, сөйлеуде терминологияны қолданады: географиялық нысан, жер бедерінің географиясы, географиялық ақпарат, жер бетінің пішіні, еңбек қызметі, халық. Жергілікті жер туралы білімнің не үшін қажет екенін түсіндіреді.</p>	



«Жергілікті жерде бағдарлау» бөлімшесі бойынша технологиялық карта




Сабақ саны		4
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
<p>6.1.2.1. Көкжиекке анықтама беру, көкжиек тұстарын атау. 6.1.2.2. Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. 6.1.2.3. Компас құрылғысымен бағыт алу, тілінің белгіленуін түсіну. 6.1.2.4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерде бағдарлау.</p>		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
<p>1. Көкжиек сызығын атау және суретте (сызбада) көрсету, көкжиекке анықтама беру, көкжиектің негізгі тұстарын атау. 2. Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша көкжиек тұстарын анықтауға болатынын білу. Суреттен 1, 2-белгіні көрсету. 3. Компасты тану, магнитті тілдің жағдайын бағдарлай отырып, оңтүстік пен солтүстікті көрсету, атау. 4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерде бағдарлану.</p>	<p>1. Көкжиек сызығын, көкжиектің негізгі және аралық тұстарын атау және көрсету. 2. Көкжиектің тұстарын Күн, жергілікті белгілер және табиғи нысандар арқылы қалай анықтауға болатындығын түсіну. Кейбір белгілерді атау. 3. Компастың қолданысын, оның құрылымын және пайдалану ережелерін түсіну. Компас бойынша көкжиек тұстарын анықтау. 4. Жергілікті жерде компастың көмегімен, Күн, жергілікті жер белгілері арқылы бағдарлау. Кеңістікте бағдарлай білудің маңызын түсіну.</p>	<p>1. Көкжиек деген не екенін анықтау. Көкжиектің негізгі және аралық тұстарын көрсету және түсіндіру. 2. Көкжиектің жақтарын күн, Жергілікті белгілер және табиғи нысандар бойынша анықтау. Өз таңдауын түсіндіру. 3. Компастың құрылымын, пайдалану ережелерін түсіндіру. Көкжиек тұстарын компас бойынша өздігінен анықтау. 4. «Бағдар», «бағдарлау» ұғымдарына анықтама беру. Компасты пайдалануға өздігінен дайындау. Жергілікті жерде (таңыс емес жерде) компастың көмегімен, Күн арқылы немесе жергілікті жер белгілері бойынша бағдарлау.</p>




<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, әңгімеге қатысу. Ұсынылған тақырып бойынша сөйлемдер, диалогтар құру. Ұсынылған жоспарға, тірек сөздерге, сызбаға сәйкес әңгіме-сипаттама құрастыру. Жаңа сөздерді дұрыс айту, сөз пішінін өзгертуге жаттығу. Жұмбақтарды, ырымдарды, мақал-мәтелдерді оқу.</p>
<p>Сөздер мен сөз тіркестері. Көкжиек, көкжиек сызығы, аспан, көкжиек тұстары, шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік, компас, көкжиектің тұстарын анықтайтын құрал, компас құрылғысы, магниттік көрсеткіш, масштаб, ине, корпус, сақтандырғыш, көкжиектің аралық тұстары, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс, компасты бағдарлау, жергілікті жерде бағдарлау, жергілікті белгілер, табиғи нысандар.</p>
<p>Практикалық қызмет. Оқу мәтінін оқу; сұраққа жауапты оқулық мәтінінен табу; көкжиек сызығын салу; «Көкжиек тұстары» сызбасын (суретін) қарау (сызу); компасты қарау; сыныпта, мектеп дәлізінде, мектеп жанындағы учаскеде көкжиек тұстарын айқындау; жергілікті жерде компастың көмегімен, түске дейін көлеңке бойынша, табиғаттың жергілікті белгілері бойынша бағдарлау; қоршаған орта шындығын бақылау барысында сызба, сурет салу (сызу); жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.</p>
<p>Пәнаралық және пәнішілік байланыстар. «География» сабағында алған білімдері мен дағдыларын оқу, практикалық және тұрмыстық есептерді шешу үшін пайдалану. Математика (кеңістікте бағдарлау, көлденең, тік жағдай). Қазақ тілі (сөздік және қиын сөздер). Бейнелеу өнері (сызбалар, суреттер). Еңбекке баулу (бұйымдар жасау – компас).</p>
<p>Құрал-жабдықтар. Оқулық, жұмыс дәптері, атлас; «Көкжиек сызығы», «Көкжиек тұстары» сызбалары; компастар, жаңа сөздері бар кестелер, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио-материалдар, презентациялар, фотоальбомдар, сурет салуға арналған альбом, практикалық жұмыстарды, тәжірибелерді, бақылауларды жүргізуге арналған жабдықтар.</p>

Үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	
Бағалау критерийлері	Тапсырмалар мазмұны
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Көкжиекке анықтама беру, көкжиек тұстарын атау.	<p>Көкжиектің негізгі тұстарын ата. Түсіп қалған әріптерді жаз. Сөздердің қалай жазылатынын есте сақта.</p> <p> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> </p> <p> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> </p> <p> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> </p>
2. Көкжиек тұстарын Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша анықтау.	<p>Түсіп қалған сөзді орнына қой.</p> <p>Көктемде ағаштардың _____ (солтүстік, оңтүстік) жағында жатқан қар ери бастайды.</p>
3. Компастың құрылысында бағдарлау, тілінің қолданысын түсіну.	<p>1. Анықтаманы толықтырып жаз.</p> <p>Компас – бұл _____ анықтайтын құрал.</p> <p>2. Компастың әр бөлігінің атауын жаз.</p>



<p>4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерде бағдарлау.</p>	<p>Көкжиек тұстарын анықта.</p> 
<p align="center">Күрделіліктің орташа деңгейі</p>	
<p>1. Көкжиекке анықтама беру, көкжиек тұстарын атау.</p>	<p>1. Сөйлемді толықтырып жаз. Біз _____ көтерілген сайын, _____ кеңейе түседі. 2. Қайсысы көкжиектің аралас тұстарына жатпайды? Көрсет. а) солтүстік-шығыс; ә) оңтүстік-шығыс; б) батыс; в) солтүстік-батыс</p>
<p>2. Көкжиек тұстарын Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша анықтау.</p>	<p>Көкжиек тұстарын анықтауға көмектесетін белгілерді + белгісімен белгіле.</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Тастардың солтүстік жағында мұқ көп болады. <input type="checkbox"/> Алманың қызарған бүйірі оңтүстікке қарайды. <input type="checkbox"/> Егер наурызда су ақпаса, онда сәуірде шөп өспейді.
<p>3. Компастың құрылысында бағдарлау, тілінің қолданысын түсіну.</p>	<p>1. Артық сөзді сызып таста. Компастың бөліктері: корпус, ине, магнитті тіл, сызғыш, шкала, сақтандырғыш. 2. Оқушыларға көкжиектің аралық тұстарын белгілеуге тапсырма берілді. Кім тапсырманы дұрыс орындады?</p>  <p align="center"> Айзере Дастан Айша </p>

<p>4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерде бағдарлану.</p>	<p>Жергілікті жерде суреттер бойынша қалай бағдарлауға болатынын айт.</p> 
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	
<p>1. Көкжиекке анықтама беру, көкжиек тұстарын атау.</p>	<p>Көкжиек тұстарын белгіле.</p> 
<p>2. Көкжиек тұстарын Күн, жергілікті белгілер мен табиғи нысандар бойынша анықтау.</p>	<p>Еселті шеш.</p> <p>Сенің жолыңда діңнің бір жағын мүк басқан жалғыз ағаш кездесті. Саған батысқа қарай жүру керек. Дұрыс бағытты тап.</p> <p>_____</p> 
<p>3. Компастың құрылысында бағдарлау, тілінің қолданысын түсіну.</p>	<p>Компаспен жұмыс кезіндегі іс-әрекеттерді орындау ретін жаз. Шаршыларға реттік нөмірлерді жаз.</p> <p><input type="checkbox"/> Сақтандырғышты бекітіп, бұрылмай, көкжиектің тұстарын көрсет.</p> <p><input type="checkbox"/> Компасты тегіс жерге немесе алақанға сал.</p> <p><input type="checkbox"/> Сақтандырғышты тарт.</p>

	<input type="checkbox"/> Тілі иненің айналасында еркін айнала бастайды. <input type="checkbox"/> Компасты тілінің көк ұшы С (солтүстік) әрпіне сәйкес келетіндей етіп бұр.
<p>4. Компасты қолдану арқылы жергілікті жерде бағдарлау.</p>	<p>1. Мәтінді оқы. Тапсырманы орында. Кеңістікте бағдарлай білу қабілеті адам өмірінің маңызды сапасы екенін дәлелде. 3-4 дәлел келтір. 1) _____ 2) _____ 3) _____ 4) _____</p> <p>2. Компас тілі көрсеткен бағытты анықта.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p>С</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>О</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p>Ш</p> </div> </div>

«План және карта» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны	8
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	
<p>6.1.3.1. Суретті және заттың планын ажырату.</p> <p>6.1.3.2. Масштаб туралы түсінігінің болуы; арақашықтықты өлшеу және мұғалім басшылығымен масштаб бойынша оларды планда бейнелеу.</p> <p>6.1.3.3. Мұғалім басшылығымен сынып планын, мектеп учаскесін құру.</p> <p>6.1.3.4. Іскерлік ойындарда, жағдаяттық тапсырмаларды шешу кезінде планды қолдану.</p> <p>6.1.3.5. Жер планының шартты белгілерін түсіну; шартты белгілер бойынша қарапайым белгілерді оқу.</p> <p>6.1.3.6. Планды және географиялық картаны ажырату.</p> <p>6.1.3.7. План және карта бойынша жер бағыттарын анықтау; мұғалім басшылығымен пландағы және кескін картада бағыттарды белгілеу.</p> <p>6.1.3.8. Шартты түстер мен физикалық картадағы белгілерді түсіну (шегаралар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар).</p> <p>6.1.3.9. Географиялық картаның қолданысын түсіну; Қазақстанның физикалық картасы туралы түсінігінің болуы.</p>	
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)
<p>1. Заттың суреті мен планын ажырату.</p> <p>2. Масштаб туралы түсінігінің болуы; масштабты үлгі бойынша, мұғалімнің көмегімен оқу.</p> <p>3. Заттың планын (масштабты қолданбай) сызу.</p>	<p>1. Тірек белгілер бойынша заттың суреті мен планын өздігінен ажырату.</p> <p>2. Масштаб деген не екенін түсіну. Ірі, ұсақ масштабты оқып, ажырата білу. Қашықтықты қалай өлшеу керектігін түсіну, оларды мұғалімнің басшылығымен және көмегімен планда бейнелеу.</p>
Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)	<p>1. Суреттің планнан айырмашылығын түсіну және түсіндіру.</p> <p>2. Масштабтың не үшін қажет екенін түсіндіру. План мен картаның масштабын салыстыру. План сызу үшін масштабты есептеу. Пландағы қашықтықтарды салыстыру.</p>








<p>4. Іскерлік ойындарда қарапайым планды оқуға қатысу.</p> <p>5. Шартты белгілер бойынша нысандарды тану және атау.</p> <p>6. Планды, картаны атау және көрсету.</p> <p>7. План және карта бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Мұғалімнің басшылығымен және көмегімен план бойынша жергілікті жерде бағыттарды көрсету.</p> <p>8. Физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шегара-лар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) тану.</p> <p>9. Планның, картаның адам өміріндегі қолданысы мен маңызын білу. Қазақстанның физикалық картасы туралы түсінігінің болуы.</p>	<p>3. Мұғалімнің басшылығымен сынып планын жасау.</p> <p>4. Планды іскерлік ойындарда пайдалану.</p> <p>5. Шартты белгілердің мағынасын түсіну, мұғалімнің басшылығымен қарапайым пландарды оқу.</p> <p>6. План мен географиялық картаны ажырату.</p> <p>7. План және карта бойынша жергілікті жерде бағыттарды анықтау. Мұғалімнің басшылығымен және көмегімен бағыттарды планда және кескін картада белгілеу.</p> <p>8. Физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шегаралар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) түсіну және ажырату.</p> <p>9. Географиялық картаның қолданысын түсіну. Қазақстанның физикалық картасында шартты түстер мен белгілерді тану.</p>	<p>3. Мұғалімнің басшылығымен мектеп учаскесінің планын сызу.</p> <p>4. Планды іскерлік ойындарда, жағдаяттық есептерді шығаруда пайдалану.</p> <p>5. Шартты белгілердің мағынасын түсіну, қарапайым пландарды оқу.</p> <p>6. План мен географиялық картаның арасындағы айырмашылықтар туралы білімін көрсету.</p> <p>7. План және карта бойынша жергілікті жерде бағыттарды анықтау, таңдау. Мұғалімнің басшылығымен бағыттарды планда және кескін картада белгілеу.</p> <p>8. Физикалық картамен жұмыста шартты түстер мен белгілер туралы білімді қолдану.</p> <p>9. Қазақстанның физикалық картасының қолданысын түсіндіру және зерттеу.</p>
<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, ойынға, бақылауға қатысу. Ұсынылған тақырып бойынша сөйлемдер, диалогтар құру. Қызмет нәтижелері, мәселелер, план, тірек сөздер, сызба бойынша сипаттама, түсініктеме дайындау. Жаңа және қиын сөздерді дұрыс айтуға, сөйлем құрағанда сөз пішінін өзгертуге (оның ішінде жұмыс дәптерінде) жаттығу.</p>		



Сөздер мен сөз тіркестері. План, сызба, карта, планның (картаның) масштаб, қашықтықтың (түрдің) азаюы (ұлғаюы), нысанның көлемі, аэрофототүсірілім, дрон, масштаб шәкілі, ірі (ұсақ) масштаб, рулетка, жергілікті жердің шартты белгілері, шартты түстер, картаның жазбасы, географиялық (қаржылық, спутниктік) карта, атлас, шетара, өзеннің бастауы мен сағасы, егемен мемлекет.



Практикалық қызмет. Жергілікті жердегі бағыттарды, план мен карталарды анықтауда; пландағы және кескін картадағы бағыттарды белгілеу білігінде; орналасқан жердегі қашықтықты өлшеуде және олардың планда (сызда) масштабта бейнеленуінде (жоғары деңгей) жаттығу. Бос тұрған пландарды сызу (бірнеше зат, сынып, мектеп учаскесі). Сыныптан тыс уақытта шеберханада мектеп учаскесінің альынбалы план-макетін жасау. Дәптерлерде сурет салу және планның шартты белгілерінің, шартты белгілер мен физикалық карта түстерінің кестесін әзірлеу. Шартты белгілер кестесіне сүйене отырып, қарапайым пландарды оқу (орташа, жоғары деңгей). Қазақстанның физикалық картасымен жұмыс. Экскурсия кезінде бақылаулардан кейін жұмыс дәптеріндегі суреттерді салу, тапсырмаларды орындау.

Пәнаралық және пәнішілік байланыстар. Математика (ұзындық өлшемі, кесіндіні өлшеу, масштаб). Еңбекке баулу (жоғарыдан, бүйірден көрініс, масштаб). Бейнелеу өнері (түстер мен реңктердің айыр-машылығы). Оқу және тіл дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, өлеңдер). Қазақ тілі (Сөздік және қиын сөздер). География (жергілікті жерде бағдарлау). «География» пәні бойынша білім мен дағдыларды оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін пайдалану және қолдану.

Құрал-жабдықтар. Оқулық, жұмыс дәптері, атлас, сызбалар, жаңа сөздері бар кестелер, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио материалдар, презентациялар, фотоальбомдар, ашық хаттар жиынтығы, аймақты зерттеу планы, сурет салуға арналған альбом, практикалық жұмыстар, тәжірибелер, бақылаулар жүргізуге арналған жабдықтар. 6-сынып «География» электрондық көрнекі құралдар кітапханасы.











Үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	
Бағалау критерийлері	Тапсырмалар мазмұны
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Суреттің не екенін білу. Заттың планы туралы түсінігі болу.	<p>1. <i>Сұрақтарға жауап бер.</i> Сурет деген не? _____ Суреттер мен фотосуреттерден жердің қандай бөлігін көреміз?</p> <p>План деген не? _____ Адамдарға план не үшін керек? _____ Заттар планда қалай көрсетіледі? _____</p> <p>2. <i>Қайсысы сурет, ал қайсысы план екенін жаз.</i></p> <div style="display: flex; justify-content: center; align-items: center; gap: 20px;">   </div>
2. Масштаб туралы түсінігі болу. Масштабы оқу (мұғалімінің көмегімен).	<p>1. <i>Үлгі бойынша масштабты оқы.</i> 1 : 10 (пландағы 1 см 10 см-ге сәйкес келеді). 1 : 100, 1 : 500.</p>
3. Нысандардың планда шартты белгілермен белгіленетінін білу. Жергілікті жер планының шартты белгілерін тану және атау.	<p>1. <i>Сен қандай шартты белгілерді таныдың? Көрсет, жаз.</i></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: flex-start;"> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: center;">  </div> </div>

<p>4. Физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шөгалар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) білу.</p>	<p>1. Тікбұрыштарды шартты түстермен боя.</p> <p> <input type="text"/> теңіз <input type="text"/> жазық <input type="text"/> таулар <input type="text"/> биіктік </p>
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p>	
<p>1. Заттың суреті мен планын тірек белгілер бойынша, өздігінен ажырату</p>	<p>1. Заттың бейнесін қара. Бұл сурет пе, әлде план ба? Тікбұрыштарға керекті сөзді жаз. Сөзді оқы. Ол нені білдіреді?</p> <p> Алдыңғы жақтағы көрініс <input type="checkbox"/> Оң жақтағы көрініс <input type="checkbox"/> Сол жақтағы көрініс <input type="checkbox"/> Жоғары жақтағы көрініс <input type="checkbox"/> </p> 
<p>2. Масштабтың не екенін білу. Масштабты оқу, ірі, ұсақ масштабтарды ажырату.</p>	<p>1. Сөйлемді толықтырып жаз. Масштаб – дегеніміз _____ көрсететін сан.</p> <p>2. Масштабты оқы. Ең ірі масштабтың астын сыз.</p> <p>1 : 200, 1 : 10, 1 : 150, 1 : 1 000, 1 : 45, 1 : 730, 1 : 2 000.</p>
<p>3. Жергілікті жер планындағы шартты белгілердің мағынасын түсіну; шартты белгілер бойынша қарапайым планды оқу.</p>	<p>«Шоссе» шартты белгісін таңда.</p> 

<p>4. План және карта бойынша жергілікті жерде бағыттарды анықтау. Мұғалімнің басшылығымен және көмегімен бағыттарды пландау және кескін картада белгілеу.</p>	<p>Сенің алдыңда жергілікті жер планы. <u>Оңтүстік бағытты анықта.</u></p> <p style="text-align: center;">  </p>
<p>5. Физикалық картадағы шартты түстер мен белгілерді (шегара-лар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар) түсіну.</p>	<p>Сөйлемді толықтырып жаз.</p> <p>Физикалық картада шартты түстермен _____, ал шартты белгілермен _____ бейнелейді.</p>
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	
<p>1. Суреттің планнан айырмашылығын түсіну және түсіндіру.</p>	<p>Сурет пен планды салыстыр. Олардың айырмашылықтары қандай? Суретте қандай заттар көрінбейді? Біз суреттен барлық затты неге көрмейміз?</p> <p style="text-align: center;">  </p>
<p>2. Масштабтың не үшін қажет екенін түсіндіру. План мен картаның масштабын салыстыру. Мұғалімнің көмегімен план сызу үшін масштабты есептеу. Пандағы қашықтықтарды салыстыру.</p>	<p>Панда масштаб қалай белгіленеді? Дұрыс жауаптардың астын сыз. Цифрлармен, суреттермен, фотосуреттермен, арнайы шкаламен, формулалармен, тек сөздермен, цифрлармен және атаулармен.</p> <p>2. Жергілікті жердегі көпірдің ұзындығы – 900 м. : 1 см-де 100 м, 1 см-де 200 м, 1 см-де 1 000 м масштабын таңда. Кесіндіні сал.</p>

3. Планды іскерлік ойындарда, жағдаяттық есептерді шығаруда пайдалану.

Шартты белгілерді сөздермен ауыстыр.

Біз  саяхатқа барамыз деп шештік. Біз  шығып жүрдік. Сол жолмен  келдік. Қылқанжапырақты орманнан шыққаннан кейін  көрдік. арқылы біз басқа жағаға өттік. Мұнда біз  көрдік, су іштік. Содан кейін біз  пойызға отырдық. Ол бізді  бойымен  апарды. Біз осылайша  , өз  оралдық.

4. Физикалық картамен жұмыс жасау барысында шартты түстер мен белгілер туралы білімді қолдану.

Физикалық картаның фрагментін қара (карта фрагментін беру). Карта бойынша Астана қаласынан Алматы қаласына дейін саяхатта. Қандай бағытта баратыныңды жаз. Сенің жолыңда қандай Жер беті пішіндері кездеседі? _____

«Жер бетінің пішіні» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны	5		
	Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
	<p>6.1.4.1. Жергілікті жердің бедері, оның негізгі формалары туралы түсінігінің болуы.</p> <p>6.1.4.2. Экскурсия бойынша өзінің жергілікті жерінің ерекшеліктеріне өз бақылауларын айту.</p> <p>6.1.4.3. Тегіс және адырлы жазықтарды ажырату; теңіз деңгейінің биіктігі бойынша жазықтарды ажырату (ойпат, қырат, үстірт).</p> <p>6.1.4.4. Физикалық картада жазықтардың орналасуын көрсету.</p> <p>6.1.4.5. Жыралардың пайда болу себептерін, жыралармен күресу жолдарын атау.</p> <p>6.1.4.6. Таулар биіктігі бойынша ажыратылатынын түсіну.</p> <p>6.1.4.7. Физикалық картада таулардың орналасуын көрсету.</p> <p>6.1.4.8. Дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан жазықтың, төбешіктің, таудың, жыраның үлгісін жасау.</p> <p>6.1.4.9. Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің формаларын көрсету.</p> <p>6.1.4.10. Жер сілкінісінің және жанартаудың атқылауының себептері мен көріністерін атау.</p>		
	Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
	<p>1. Жергілікті жер бедері, оның негізгі пішіндері туралы түсінігінің болуы.</p> <p>2. Өзі бақылаған жергілікті жер бедерінің ерекшеліктері туралы сұрақтарға жауап беру.</p> <p>3. Жазықтарды (тегіс және адырлы) тану.</p>	<p>1. Жер бедерінің не екенін түсіну. Жергілікті жер бедерінің негізгі пішіндерін ажырату.</p> <p>2. Экскурсиядан кейін өзі бақылаған жергілікті жер бедерінің ерекшеліктері туралы айту (сұрақтар бойынша, тірек сөздер арқылы).</p> <p>3. Биіктік шкаласын тірек ете отырып, тегіс және адырлы жазықтарды,</p>	<p>1. Тапсырмалар мен жаттығуларды орындағанда жергілікті жер бедері және оның негізгі пішіндері туралы білімді қолдану.</p> <p>2. Экскурсиядан кейін өзі бақылаған жергілікті жер бедері туралы әңгіме құрау.</p> <p>3. Тегіс және адырлы жазықтардың ерекшеліктері туралы білімін көрсету. Сызба бойынша төбенің құрылысын түсіндіру.</p>


<p>4. Мұғалімнің көмегімен картада жазықтардың орналасуын көрсету.</p> <p>5. Жыраны тану.</p> <p>6. Тауды тану. Картада (сызбада) биік және аласа тауларды тану және көрсету.</p> <p>7. Мұғалімнің көмегімен картада таулардың орналасуын табу және көрсету.</p> <p>8. Жазықтың үлгісін жазауға қатысу.</p> <p>9. Мұғалімнің көмегімен Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің пішіндерін көрсету.</p> <p>10. Табиғаттың қауіпті құбылыстары: жер сілкінісі және жанартаудың атқылауы туралы түсінігі болу.</p>	<p>ойпаттарды, үстірт пен биіктіктерді ажырату. Сызба бойынша төбенің құрылысы туралы айту. 4. Мұғалімнің басшылығымен картада жазықтардың орналасуын көрсету.</p> <p>5. Жыралардың пайда болу себептерін түсіну. Сызба бойынша жыраның құрылысы туралы айту.</p> <p>6. Таулардың төбелерден айырмашылығын түсіну. Биіктік шкаласы бойынша таулардың биіктігін ажырату.</p> <p>7. Физикалық картада таулардың орналасуын көрсету.</p> <p>8. Мұғалімнің бақылауымен жазықтың үлгісін жасау.</p> <p>9. Мұғалімнің бақылауымен Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің пішіндерін көрсету.</p> <p>10. Жер сілкінісі және жанартаудың атқылауының себептері мен көріністерін атау.</p>	<p>Теңіз деңгейінен биіктік дегеннің не екенін түсіну. Ойпаттарды, үстірттерді, төбелерді ажырату.</p> <p>4. Картада жазықтардың орналасуын көрсету. Өзінің таңдауын түсіндіру.</p> <p>5. Жыралардың пайда болуымен қандай төсілдермен күресуге болатынын түсіндіру.</p> <p>6. Таулардың төбелерден айырмашылықтары мен олардың ұқсастықтарын табу. Таулардың биіктігін салыстыру. Биіктік шкаласы бойынша тауларды (аласа, орташа, биік, заңғар) жіктеу.</p> <p>7. Физикалық картада таулардың орналасуын көрсету. Өз таңдауын түсіндіру.</p> <p>8. Дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан жазықтың үлгісін жасау.</p> <p>9. Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің пішіндерін түсіндіре отырып көрсету.</p> <p>10. Жер сілкінісі және жанартаудың атқылауы туралы қызықты географиялық ақпараттарды іздестіру (мұғалімнің көмегімен).</p>
<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, әңгімеге, ойынға, бақылауға, бірлескен әрекеттерге қатысу. Ұсынылған тақырып бойынша сөйлемдер, диалогтар құру. Әрекет нәтижелері, мәселелер, план, тірек сөздер, сызба бойынша әңгіме, сипаттама, түсініктеме құру. Жаңа және қиын сөздерді дұрыс айтуға, сөз пішінін өзгертуге, сөйлем құрауға (оның ішінде жұмыс дәптерінде) жаттығу.</p>		

Сөздер мен сөз тіркестері. Жер бедері, жазық (төбе, тегіс), ойпат, төбе, таулы жер, теңіз деңгейінен биіктік, биіктік шкаласы, жартас, жанартау, белсенді жанартау, магма, жер сілкінісі.

Практикалық қызмет. Экскурсия кезіндегі бақылаулар, жергілікті жер (жыра) планын зерделеу, ермек-саздан жазықтың, төбенің, тау жотасының макетін жасау, жазықтың суретін салу, «Жазықтар» сызбасын жасау, төбе құрылысының сызбасын орындау, жергілікті жердің суретін салу, туған өлкенің жер беті туралы ауызша әңгіме құрастыру, таудың суреті, жанартаудың сызбалық бейнесі, Қазақстанның физикалық картасымен жұмыс, қосымша әдебиеттерді оқу (оның ішінде оқулық беттеріндегі), жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.


Пенаралық және пәнішілік байланыстар. Математика (биіктік, биіктікті өлшеу, биіктікті салыстыру, ұзындық өлшемдері). Еңбекке баулу (жер бетінің макетін жасау). Бейнелеу өнері (түс пен реңктердің айырмашылығы). Оқу және тіл дамыту (еңгімелер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, өлеңдер). Қазақ тілі (сөздік және қиын сөздер). География (жергілікті жерде бағдарлау, план және карта). «География» пәні бойынша білім мен дағдыларды оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін пайдалану және қолдану.

Құрал-жабдықтар. Оқулық, жұмыс дәптері, атлас, қабырғалық физикалық карта, сызбалар, макеттер, жаңа сөздері бар кестелер, жеке тапсырмалары бар карточкалар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио материалдар, презентациялар, Жер бетінің планы, сурет салуға арналған альбом, практикалық жұмыстар, тәжірибелер, бақылаулар жүргізуге арналған жабдықтар. «География, б-сынып» – электрондық көрнекі құралдар кітапханасы.

Үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	
Бағалау критерийі	Тапсырмалар мазмұны
Күрделіліктің төмен деңгейі	
1. Жергілікті жердің бедері, оның негізгі пішіндері туралы түсінігінің болуы.	<p style="text-align: center;">Жер бетінің пішінін жаз.</p> 
2. Жыраның не екенін білу.	<p>Сәйкес келмейтін сөзді тап. Оның неге «артық» екенін түсіндір.</p> <p style="text-align: center;">ОҚОП ЖЫРА ШҰҢҒЫР</p> <p>Жауабыңды үлгі бойынша жаз. Артық сөз – ____ . Себебі ол табиғатта өзі құралады, ал _____.</p>
3. Мұғалімнің көмегімен картада таулардың орналасуын табу және көрсету.	<p>Таулар картада қандай түспен белгіленеді? Дұрыс жауапты боя.</p> <p style="text-align: center;"> <input type="text" value="көк"/> <input type="text" value="қоңыр"/> <input type="text" value="сары"/> </p>
Күрделіліктің орташа деңгейі	
1. Жер бедерінің не екенін түсіну. Жергілікті жер бедерінің негізгі пішіндерін ажырату.	<p>Сөздерден сөйлем құра. Сөйлемдерді оқы:</p> <p>а) кеңістігі, үлкен, Жазық – бұл, тегіс жердің.</p> <p>б) аймақтың үстінен, Таулар – бұлар, жер бөліктері, қоршаған, биік көтерілген.</p>

Күрделіліктің жоғары деңгейі

Сызбаны толықтыр.



1. Тапсырмалар мен жаттығуларды орындағанда жергілікті жер бедері және оның негізгі пішіндері туралы білімді қолдану.

2. Жыралардың пайда болуымен қандай тәсілдер арқылы күресуге болатынын түсіндіру.

Сұрақтарға жауап бер.
Адамдар жыраның беткейлеріне неге тез өсетін және тармақталған тамырлары бар бұталар мен ағаштарды отырғызады?
Сен қандай ағаштар мен бұталарды білесің? _____.

3. Таулардың төбелерден айырмашылықтары мен олардың ұқсастықтарын табу.



«Жер шарындағы су» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

Сабақ саны		11
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)		
<p>6.1.5.1. Өмір сүру үшін Жер бетіндегі судың маңызын айту.</p> <p>6.1.5.2. Табиғаттағы су айналымын сипаттау.</p> <p>6.1.5.3. Бұлақтың пайда болуы, құдықтың, су құбырының тағайындалуы мен қолданылуы туралы, адамның суды үнемдеп пайдалануы туралы айту.</p> <p>6.1.5.4. Өзен бөліктерін атау, қасиеттері бойынша таудағы және жазықтағы өзендерді ажырату; адамның өзендерді пайдалануы туралы айту.</p> <p>6.1.5.5. Көлдерді, суқоймаларды, тоғандарды атау және ажырату; балықтарды, құстарды өсіру туралы айту.</p> <p>6.1.5.6. Батпақтар, оларды құрғату жолдары туралы түсінігінің болуы .</p> <p>6.1.5.7. Мұхиттар мен теңіздерді ажырату; табиғи құбылыстар: құйын, дауыл, цунами туралы түсінігінің болуы.</p> <p>6.1.5.8. Аралдар мен түбектердің белгілерін ажырату.</p> <p>6.1.5.9. Біздің жергілікті жердің су қоймалары туралы айту; суды ластанудан қорғау жолдарын атау.</p>		
Күрделіліктің төмен деңгейі (тану)	Күрделіліктің орташа деңгейі (түсіну)	Күрделіліктің жоғары деңгейі (қолдану)
<p>1. Өмір сүру үшін Жер бетіндегі судың маңызы туралы туралы түсінігі болу.</p> <p>2. Табиғаттағы су айналымының сызбасын тану.</p> <p>3. Бұлақты, құдықты, суқұбырын тану. Адамның суды үнемдеп пайдалануы туралы айту.</p>	<p>1. Өмір сүру үшін Жер бетіндегі судың маңызы туралы түсіну, мысал келтіру.</p> <p>2. Сызбаны тірек ете отырып, табиғаттағы су айналымын сипаттау.</p> <p>3. Бұлақтың құрылуы туралы, сызбаны тірек ете отырып құдықты, суқұбырының қолданысы және оларды пайдалану туралы айту. Суды үнемдеп пайдалану керек екендігін түсіну.</p>	<p>1. Судың Жер бетіндегі тіршілік үшін қандай маңызы барын өз сезімен айтып беру.</p> <p>2. Табиғаттағы су айналымын сипаттау.</p> <p>3. Бұлақтың қалай құралатынын түсіндіру. Құдықтың, суқұбырының құрылысы мен қолданысы туралы түсіндіру. Суды тұрмыста үнемдеп қолдану.</p>

<p>4. Сызбадан өзен бөліктерін таны, көрсету. Тау және жапыз өзендер туралы түсінігі болу. Адамның өзендерді пайдалануының таныс әдістерін атау.</p> <p>5. Көлдерді таны. Балықтарды, құстарды өсіру туралы айту.</p> <p>6. Батпақтар туралы түсінігін болуы.</p> <p>7. Мұхиттар мен теңіздердің айырмашылықтары туралы түсінігі болу. Дауыл, цунами туралы білу.</p> <p>8. Сызбадан аралдарды, түбектерді көрсету.</p> <p>9. Жергілікті жердегі суқоймалардың атауларын білу. Суды қорғау туралы түсінігі болу.</p>	<p>4. Өзен бөліктерін, өзен ағысының бағытын атау, көрсету. Тау және жапыз өзендерді ажырату және айырмашылығын түсіну. Адамның өзендерді пайдалануына мысал келтіру.</p> <p>5. Көлдерді атау және ажырату; балықтарды, құстарды өсіру туралы айту.</p> <p>6. Батпақтың не екенін түсіну. Оларды қандай тәсілдермен құрғататынын айту.</p> <p>7. Сызбаны тірек ете отырып, мұхиттар мен теңіздерді ажырату. Табиғат құбылыстарын (дауыл, цунами) сипаттау.</p> <p>8. Аралдар мен түбектердің не екенін анықтама беру.</p> <p>9. Жергілікті жердегі суқоймалар туралы айту. Суды қорғаудың маңыздылығын түсіну.</p>	<p>4. Өзен бөліктерін анықтау, өзеннің жағалауын, саласын ажырату. Тау және жапыз өзендердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіру. Адамның өзендерді пайдалануы туралы әңгімелеу.</p> <p>5. Ағынды, ағынсыз көлдердің не екенін түсіндіру. Адамдардың көлді пайдалануы туралы әңгімелеу.</p> <p>6. Батпақтардың пайдасы мен зияны туралы жалпылама сипаттау. Батпақты неге құрғататынын түсіндіру.</p> <p>7. Мұхиттар мен теңіздердің айырмашылықтарын түсінетінін көрсету. Дауылдың, цунамидің туындау себепін түсіндіру.</p> <p>8. Аралдардың түбектерден айырмашылықтары неде екенін түсіндіру.</p> <p>9. План бойынша суқойманың сипатын анықтау. Суды қорғау бойынша шараларға қатысу.</p>
<p>Сөйлеу тілдік-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалогқа, әңгімеге, ойынға, бақылауға, бірлескен әрекетке қатысу. Ұсынылған тақырыпқа сөйлемдер, сұрақтар, диалогтар, әңгіме, сипаттама, әрекет нәтижелері, мәселелер, план, тірек сөздер, схема, карта бойынша түсініктемелер құру. Жаңа және қиын сөздерді дұрыс айту, сөз пішінін өзгерту, сөйлем құрауға (жұмыс дәптерінде) жаттығу. Мақал-мәтелдерді, мақалдарды, жаңылтпаштарды, өлеңдерді жаттау.</p>		

<p>Сөздер және сөз тіркестері. Мұхит, теңіз (шеткі, ішкі), материк, дауыл, цунами, Дүниежүзілік мұхит, арал, түбек, шығанақ, бұғаз, арна, бастау, ағын, мұздық, бұлақ, таулы және жазық өзендер, шатқал, сарқырама, көл (ағынды, ағынсыз), суқойма, арна, суару, су электр станциясы, су басу, таяз, құрғату, су өткізбейтін (су өткізгіш) қабат.</p>
<p>Практикалық әрекеттер. Экскурсия кезінде айналадағы шындықты бақылау, жергілікті жердің (суқойма) планын зерделеу; өзеннің, көлдің, құдықтың, аралдың, түбектің суретін салу; өзен ағысының бағытын анықтауға, жағалауды және оның басқа да бөліктерін ажыратуға жаттығу; тәжірибе жүргізу: суды тазарту, тұзды еріту; Қазақстанның физикалық картасымен жұмыс істеу; қосымша әдебиеттерді оқу (оқулықтағы), жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.</p>
<p>Пәнаралық және пәнішілік байланыстар. География (жергілікті жерде бағдарлау, план және карта). Жаратылыстану (табиғаттағы су, табиғаттағы тұзды және тұщы су; тұрмыста, өнеркәсіпте, ауылшаруашылығында суды пайдалану; суды ластанудан қорғау). Еңбекке баулу (макеттер дайындау кезінде табиғи, пластикалық материалдармен жұмыс істеу). Бейнелеу өнері (суқоймаларды бейнелеу кезінде картадағы түстер мен реңктердің айырмашылығы, бақылау және тапсырмаларды орындау кезінде сурет салу). Оқу және тіл дамыту (әңгімелер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, өлеңдер). Қазақ тілі (сөздік және қиын сөздер). «География» пәні бойынша білім мен дағдыларды оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін пайдалану және қолдану.</p>
<p>Құрал-жабдықтар. Оқулық, жұмыс дәптері, атлас; «Табиғаттағы су айналымы», «Мұхиттар мен теңіздер», «Теңіз жағалауы», «Өзен бөліктері», «Құдық құрылысы», «Су құбыры» сызбалары; макеттер, жеке тапсырмалары бар карталар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио-практикалық жұмыстар, тәжірибелер, бақылаулар жүргізуге арналған материалдар, презентациялар, жергілікті жердің планы, жабдықтар. «География, 6 сынып» – электрондық көрнекі құралдар кітапханасы.</p>

Үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	
Бағалау критерийі	Тапсырмалар мазмұны
	Күрделіліктің төмен деңгейі
1. Бұлақ дегеннің не екенін білу.	Жұмбақты шешу. Жауабын жаз. Бұлақ туралы не білетініңді айтып бер. Аяғы жоқ, жүреді, Сылқ-сылқ күледі. Б _ _ _ _ _ .
2. Адамның өзендерді пайдалануының таныс әдістерін атау.	Сөздер мен айтылымдарды пайдалана отырып, сөйлем (әңгіме) құра. Адамдар пайдаланады, өзендер, тұрмыстық қажеттіліктер, қатынас жолдары (кеме қатынасы), демалыс, ауылшаруашылығы, суару, орман қорытпасы, электр қуатын өндіру, өнеркәсіп, балық аулау, балық шаруашылығы, күзет.
